aceline

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Аяқ киім кептіргіш
1012

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімізді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсынымдар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойып, өнімді әрі қарай пайдалану барысында анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты

Аяқ киім кептіргіш — аяқ киімнің ішкі бөлігін: алынатын ішкі төсенішін, аралық табанын, тұмсығын және бүйір қабырғаларын кептіруге арналған құрылғы.

Сақтық шаралары

- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Бірінші рет қоспас бұрын құрылғыны бөлме температурасында кемінде 4 сағат ұстаңыз.
- Пайдаланбас бұрын аяқ киімнің ішінде қар, су және металл заттардың жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Пайдаланылмаған кезде құрылғыны әрдайым желіден ажыратыңыз.
- Электрондық блоктың бұзылуын болдырмау үшін құрылғыны суға батырмаңыз, сондай-ақ жаңбыр кезінде немесе дымқыл беттерде құрылғыны іске қоспаңыз.
- Құрылғының ішіне су мен металл заттардың түсуіне жол бермеңіз.
- Құрылғыны сымынан ұстап тартпаңыз немесе жылжытпаңыз. Сымды бүкпеңіз және құрылғының айналасына орамаңыз.
- Егер құрылғы ақаулы болса, сондай-ақ сым немесе аша зақымдалған болса, оны дереу электр желісінен ажыратыңыз. Құрылғы сатылған дүкенге хабарласыңыз.
- Электр желісіне қосылған, аяқ киімге салынған кептіргішті, егер бұл аяқ киім жылыту немесе қыздыру құралдарының үстінде немесе жанында тұрса, пайдалануға болмайды.
- Аяқ киімде су болса, құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Пайдалану кезінде қуат сымын құрылғының астына қоймаңыз.
- Пайдалану кезінде құрылғыны тез тұтанатын және жарылғыш заттардан аулақ ұстаңыз.
- Құрылғыны жануарларды жылыту үшін пайдаланбаңыз.
- Пайдалану және сақтау кезінде құрылғының үстіне басқа заттарды қоймаңыз.


Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: AC-SD03.
- Сауда белгісі: Aceline.
- Қуаты: 10 Вт.
- Қуат параметрлері: 220В ~ 50Гц.
- Бір кептіргіштегі қыздырғыштар саны: 1.
- Электр ток соғудан қорғау класы: II.
- Ылғалдан қорғау дәрежесі: IP20.
- Қуат сымын бекіту түрі: Y.
- Қолдану саласы: тұрмыстық.
- Түрі: 2480.

Жинақталым

- Құрылғы.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

Құрылғы схемасы



1. Қуат сымы.
2. Қақпақ.
3. Түбі.
4. Конвекция терезелері.

Пайдалану бойынша нұсқаулық

1. Кептіргіштерді кептіру қажет аяқ киімге салыңыз.
2. Құрылғыны желіге қосыңыз. Кептіргіш қыза бастайды.
   Назар аударыңыз! Кептіргіш жұмыс температурасына дейін 20 минут ішінде қызады.
3. Аяқ киім кепкенше күтіңіз. Кептіру уақыты аяқ киімнің ылғалдылық дәрежесіне байланысты.
4. Пайдаланып болған соң құрылғыны желіден ажыратып, кептіргіштерді кептіргіштің корпусынан ұстап, аяқ киімнен алыңыз. Кептіргіштің сымынан тартпаңыз.

Орнату, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыға ешқандай орнату немесе тұрақты бекіту қажет емес.
- Құрылғыны өндірушіде және тұтынушыда қаптамада, жылытылатын үй-жайларда, ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда сақтау қажет. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл, сілті буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау қажет.
- Құрылғы ұқыпты қарауды талап етеді, оны шаңнан, кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т.б. сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.

- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электронды жабдықты қабылдайтын тиісті пунктке тапсырылуға тиіс. Бұл ұлттық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ету арқылы сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс емес қарау жағдайында туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келетін зиянның алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақауы анықталған жағдайда дереу сатып алған дүкенге жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Кепілдік туралы ақпарат

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастыруда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнім сатып алынған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсету өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған себеппен істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Кепілдік мерзімі ішінде құрылғының ақауы анықталса, оны сатып алған дүкенге дереу хабарласу қажет.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: «Тимсон» ЖШС. 105005, Ресей, Мәскеу қ., Аптекарский тұйық көшесі, 4-үй, 4-құрылыс, П қабаты, 16-бөлме.
Электрондық пошта мекен-жайы: info@timson.ru

Ресейде жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауд., Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.

Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді. Тауар 3468-002-53925413-2011 ТУ-ға сәйкес жасалған.

Өнім сапасын жақсарту мақсатында сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала хабарламай өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.2

aceline